



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

УДК 13.91

КҮЙ ӨНЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аралханов Бағлан Өміржанұлы

baxus274@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Философия мамандығының 2 курс магистранты,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Саркулова М.С.

Қазақ музыка мәдениетінің туындыларын мәдени-философиялық деңгейде сараптау, халқымыздың мәдени мұрасының тұтастығы мен сабақтастығын, дүниелік таным – түсінігін айқындау, оның өзіндік ерекшеліктерін таныту көзделінді. Осыған орай күй өнерінің әлемдік рухани кеңістік тұтастығындағы өз орны анықталып, өзінің ой-толғаныс дәрежесі бойынша халықтың мәдениетін әлемдік мәдениетпен терезесін теңестіре алатын қуат – қарымын көрсету де өзекті мәселе ретінде қарастырылды. Сондықтан да мақала рухани мұраларымызды таныту мен ұрпақтарға жеткізу мақсатында келелі де өзекті мәселелерді көтеруі арқылы объективті қажеттіліктер негізінен туындап отыр.

Кілтті сөздер: күй, өнер, мұра, мәдениет, ұлттық өнер.

«Күй — көне замандардан күні бүгінге дейін халқымызбен бірге жасасып келе жатқан ең киелі де қастерлі, сырлы да сұлу өнер.

Ұлт мәдениетінің арғы-бергі тарихын зерттеп, жүйелеп, бүгінгі жас ұрпақтың кәдесіне жарату және оны әлемдік деңгейде насихаттау мақсатында жасалған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» жобасының жүзеге асырылуын ұлттық музыка тарихындағы елеулі оқиға деп бағалаймын.

Қазақтың ұлы ақыны Абай: «Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй», — деп жырлағандай, қазақтардың сан буыны Құрманғазы, Дәулеткерей, Байжігіт, Тәттімбет, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, Абыл сияқты халқымыздың асыл өнерін ұстаған ұлы күйшілердің мол мұрасымен сусындап өсті. [1, 120 б.]

«Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» шеңберінде бағзы замандардан келе жатқан күй атасы Қорқыттан бастап Ықыласқа дейінгі қобызға арналған күйлер мен Сармалай бастаған сыбызғы күйлерінің де сараланып осы жинаққа енгізілуі — жобаның құнын арттыра түсетін соны жаңалық.

Еліміздің алуан аймақтарында қалыптасқан Шығыс, Батыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Маңғыстау күй мектептері ғана емес, елімізден тысқары Монғолия, Қытай қазақтарының күй дәстүрлерінің бір жобада тоғысуын терең тамырлы халқымыздың мәдени бірлігінің айқын айғағы деп бағалаған жөн.

Қай замандағы болмасын күй өнеріндегі ортақ сарын — азаттыққа, бостандыққа ұмтылу, ел тәуелсіздігін аңсау. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ күйлері — халқымыздың ғасырлар бойы армандап, бүгінгі ұрпақ жүзеге асырған, тәуелсіздікті жақындатқан ең қастерлі құндылық.

Қазақтың Д. Нұрпейісова, Қ. Жантілеуов, Ж. Қаламбаев, Д.Мықтыбаев, Т.Момбеков, Г.Асқаров, У.Бекенов, Қ.Ахмедияров, Ә.Есқалиев, А.Үлкенбаева, т.б дәулескер домбырашылар орындауындағы 1000 күй ұлтымыздың ұлы қазынасы ретінде туған халқының жүрегіне жол тартты. Оның бүгінгі және болашақ ұрпақтың рухани азығы мен игілігіне айналатынына және жаңа ізденістерге бастап алдағы уақыттарда жарасты жалғастығын табатынына кәміл сенемін» - деген ҚР Президенті Н.А. Назарбаев. [2, 2 б.]

Бүгінгі таңда рухани мәдени дүниетанымды қалыптастыратын нақтылы да терең философиялық маңызы бар міндет. Рухани дүние мен мәдени таным негіздерінің байланысы адам баласының жан дүние байлығының терең де сергек, сезімтал болып қалыптасуына көмектеседі.

Рухани мәдени қалыпты өмірге алып келуде халықтың рухани мұра үлгілері бірден-бір қажетті құрал ретінде қолданылады. Күй өнері және оның мәдениеттанулық ерекшеліктерін «күй», «қоңыр», «саз-сарын», «ырғақ» ұғымдары шеңберінде жан-жақты талдау арқылы қарастырғанда ғана анықтай аламыз. Осы аталған ұғымдардың ішінде әсіресе «саз-сарын», «ырғақ» арақатынастарының негізінде мәдени таным түсінігі қалыптасып, мәдениеттанулық өлшемдер анықталады. Күй өнерін мәдени-философиялық тұрғыдан талдай отырып қажетті таным-түсініктер мен ой-пікірлерді зерделей пайдаланғанда, қажетті түйін-тұжырымдар жасап белгілі нәтижеге қол жеткізуге болады. Күй өнерін мәдениеттанулық тұрғыдан зерттеудің бағыт-бағдарының маңызын есте ұстай отырып, оны халықтың рухани құндылық дүниесі ретінде құрастыру көзделінеді:

Біріншіден, халықтың өзімен өмір табалдырығын бірге аттаған мәдени-рухани дүниесі ретінде қарастырып, талай-талай асулардан шыңдала жеткен асыл қазынасы ретінде тану.

Екіншіден, өмірдің қилы-қилы кезеңдерінде тірек болған сүйеніші ретінде тану:

Үшіншіден; өмір суреттерін шынайы танытып бере алған өнері ретінде халық болмысына арқау болған құбылыс ретінде тану:

Төртіншіден, күй өнері мәдени-философиялық ойға, яғни халықтың таным түсініктеріне негіз болған үлгісі ретінде құрастыру көрсетіледі.

Күй-халықтың рухани өмірлік қажеттіліктерінің ерекше формасы. Күй өнері оны мәдениет-танулық ерекшелігі адам жанына ләззат беруімен ғана шектелмейтіндігіне де, ол адам болмысымен, өмірмен күнdestігінде. Күй өнер ретінде адамдардың тұрмыс тіршілік қалыптарындағы қарым-қатынас құралы болуымен қатар әлеуметтік жағдайларды реттеушілікте қызметтері бар. Күй өнеріне байланысты айтылатын көзқарастар мәдени таным мәселесі күй сазының сезімдік табиғатына үңілдіреді, ондағы айтпақ сырдың тереңіне бойлатылады. Сондықтан да күй рухани құндылық дүниесі ретінде жаныңды жай тапқызыдырар күмбірімен халыққа рух, жігер береді, әрілділік қасиеті қалыптастыратын құбылыс ретінде қымбат. Қандай жағдайда болмасын күй өнері – халықтың өткен өмір жолдарының шежіресі ретінде халықтың өмір сүрі қалыптарына арқау бола білген құбылыс. Қазіргі кезде қазақ халқының өзін-өзі тану сияқты маңызды мәселелеріне, атап айтқанда мәдени, рухани байлығына мән берілмей отырғаны аян. Оған бүгінгі таңдағы халыптасып отырған ұлттық құндылықтар мен батыстан келген құндылықтардың ар-қатынасын айтуға болады. Сондықтан да бізге өзімізді ұлт ретінде сақтап қалу үрдісінде ертеден қалыптасқан озық үлгілі рухани, мәдени байлықтарымызды ұлттық құндылықтар ретінде танытып қарастырған абзал. Қазіргі таңда ұлттық мәдени мұраларға ерекше ықылас қалыптастыруды алдымызда тұрған мақсат, міндет ретінде түсініп, халықтың өзіндік қадір қасиетін танытатын түсініктер мен көзқарастарды қалыптастырып, халық болмысының құндылық негізін нығайту жауапкершілігі тұр. Әр уақытта халық қалыптастырған рухани дүниеге негізделген мәдени мұрамен қаруланып соған арқа сүйеген дұрыс. Себебі бұл дүниенің шынайылығына деген сеніміміз мол. Сондықтан да күй өнері мәдени құндылық ретінде қымбат. [3, 16 б.]

Халық күйі – философиясы терең, мәдени танымы жоғары музыкалық шығарма. «Қазақ халқында жүйеленген философия жоқ, Оның философиясы жай қарапайым философия дәстүрінде» -деп философ Кішібеков Досмұхамед айтқандай, күй өнері оның саз сырыны ырғағының дамуымен үндескен қарапайым философиялық таным. [4, 126 б.]

Бұл философиялық таным, саздың мәнін ашатын мына құралдарымен, атап айтқанда үн жүйесімен, саздық сарын және ырғақпен қағыстағы ерекшелікпен, орындаудың экспрессиялылығымен тығыз байланысады. Ырғақ жүйесі көбінесе халықтың дүние танымымен орайласқан күй өнерінің саздық ерекшелігімен танылады. Күйдегі ырғақ пен саздың іштей қабысуы, айтпақ ойды білдіріп, өзіндік табиғатын танытады. Саздың сарын мен ырғақ жігі байқалмайды. Халық дүние танымында күй сарынын ырғақсыз түсіну мүмкін емес. Себебі күй табиғатында ой, образ, бейне нақтылығы ырғақ арқылы көрініс табады. Сезім қуатын, көңіл күйін, ой толқынын, күй өңін кіргізетін саздық сарын дүниетанымдық түсінігін ырғақ пен саз-сарын, қоңыр бояу, оның дүниетанымдық түсінігін, бейнелеушілік

сипатын танытады. Күй-ойға, сезімдік құбылысқа, саздық бояуға мейлінше мол қаныққан, ырғақтық әлем. Күйдегі мәдени-философиялық түсініктер саз бен бірлігімен танылады.

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада күй шертпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған. Осы орайда халық арасында сұрақтар пайда болуы мүмкін. Осы домбыра, күй сөздері қайдан шыққан? Нені білдіреді? Ол қай кезден бар? Неге домбыра қазақ арасында соншама кең таралған? Осындай сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше домбыра сөзі «дөпбұра», «дәлбұра», «дембұра» деген сөздердің тізбегі арқалы жасалған. Бұл белгілі бір логикаға бағындырылған қызғылықты жорамал. [5, 289 б.]

Кейбір деректерде «домбыра» сөзі арабтың « дунбаһи бурра» тіркесінен, яғни «қозы құйрық» деген сөзінен қалыптасқан деген долбар әңгіме бар. Бұлай дегенде шамасы домбыраның шанағының сүйірленіп барып, қозы құйыршықтанып бітетіндігін негізге алған болуы керек.

Құдайберген Жұбановтың еңбегінде «күй» сөзіне мынадай пікірін білдіреді: «Қазақта «күй» түрінде айтылатын шағатай, ұйғыр тілдерінде, анатоль түрік тілінде «көк» болып айтылуы тиіс. Қазақтың «и» дыбысының бір қатары шағатай тілінде, ескі ұйғыр тілінде, түркімен, әзірбайжан, анатоль түріктерінің тілінде к, г-ге айналады. Қазақша «байламақ» деген сөз оларша «бағламақ» болады; қазақша «тимек» деген сөз оларша «текмек» болады ... сондықтан «күй» деген сөз оларда «көк» болуы табиғи нәрсе», — дейді. Сондай-ақ Ақселеу Сейдімбек те осы пікір жайлы « Күй деп басталатын қай сөздің де сезіммен астасып жатыр. Сол сөз көшпенділердің ең киелі сезімі – тәңірлік наным сеніммен ұштасып жатады. Демек, «күй» деген сөз әу баста Тәңірлік құбылысты білдірген. Тәңірдің дыбысы деген сенімдегі мағынамен шендес болғаны аңғарылады», - деп Құдайберген Жұбановтың пікіріне қосылған. [6, 112 б.]

«Күй» сөзі түрік тілдерінің деректерінде ХІ ғасырдан бері белгілі. Махмұд Қашқаридің әйгілі еңбегі «Дивани лұғат ит түрік» атты сөздігіндегі «көк» (қазақта күй болып айтылады) деген атау аспапты музыканы да , әнді де білдіреді. Осы күнгі татар тілінде де «күй» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады. ХVІ ғасырдан бермен қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болады.

Ен далада күн кешкен елдің аузынан шыққан «күй» деген сөздің аспаптық музыкаға тән атау екені, оның түп-тамыры одан да арғы замандарда жатқаны он төртінші ғасырдан бері белгілі. Осыған дәлел байырғы заманда 600 жыл бұрын тасқа салынған суреттің табылуы. Сондай ақ «күй» сөзінің көнелігін білдіретін тағы бір дерек қазақта «Ақсақ құлан» атты күй болуы. Туу тарихы жағынан бұл күй Шыңғыс хан жорықтарымен тұстасады. Қазақ халқының басына қара заман боп орнаған ХІІІ-ХІV ғасырдың тарихи оқиғаларын баяндайтын шығармаларды алсақ , олардағы музыкалық тілдің тереңдігі, асқан шеберлікті керек ететін ойнау әдіс-амалының молдығы, аңыз хикаяларды суреттеудегі бағдарламалық жүйесі Қазақстан жерінде аспаптық музыка мәдениеті аса жоғарғы дәрежеде ертеде-ақ дамығанына бірден бір айғақ. Қазақ халқының тұрмыс-харекетімен, өмір-тіршілігімен әрқашанда тығыз байланыста болатын күй – жүздеген жылдардан бері қанат жайып, өркендеп келе жатқан жанр. Халқымыздың музыкалық қазынасында сары алтындай сандалкер күйлер жүздеп саналады. Оларды хатқа түсіретін нота мәдениеті жоқ болса да, сыры мен сымбатын жоғалтпай, қайта ажарлана, әрлене түсіп, ауыздан ауызға көшіп, атадан балаға мирас боп қала берді. Өлбетте, құм басқан қалалардай, бізге жетпей, уақыт шыңының астына көміліп қалған күйлер де есепсіз екені және даусыз.

Дәстүрлі музыка өнері еліміздің тарихымен байланысты. Тарих қойнауына терең бойлап, өткен күннің үзік сырларын ой сүзгісінен өткізіп қарасақ, әрідегі Оғыз, Қапшақ, Сақ

пен Ғұн, берідегі Түрік нәсілінің белінен тараған халықтың ілкілдегі баба өнері қазақ жерінің күрең топырағында тамырын тереңге тартыпты. Кейін түркі тілдес туысқан елдер шартарапқа тарыдай шышылып қазақ елі дербес ұлт болып жеке дара шықты. Өзінің тілін, діңін, мәдениетін қалыптастырды. Бірақ қалай дегенде де біздің ұлттық музыкамыз туыс халықтарымен байланысты. Басты айырмашылық оларда бәрі, яғни ән де, музыка да, би де «Күй» деген бір-ақ сөзбен атаған.

Қазақ музыка өнерінің тарихи тамыры Қорқытқа дейінгі ғасырларға жатқандығын материалдық мұралар айғақтап отырғанмен, халық күйлерінің қай ғасырда туғандығын дәп басып айту қиын. Олар хатқа түспеген күйі әр ұрпақтың құймақұлақ арқылы ғана бізге жетіп отыр.

Көне ғасырда Қорқыт, XII ғасырда Кетбұға, XIV-XV ғасырларда Асанқайғы, XV ғасырда Қазтуған, XVI-XVII ғасырларда Байжігіт, XVIII ғасырда Абылайхан, XIX ғасырдың бас кезінде Боғда, Махамбет, Тәттімбет, Құрманғазы, Абыл, Тоқа, Сармалай, Ықылас, Қазанғап, Байсерке, Шортанбай, Тіленді, Дайрабай, Өскенбай, Мамен, Дина, Сүгір, Сейтек т.б. секілді дарынды күйші, дәулескер домбырашылар – қазақ күй өнерінің туын әр ғасыр, әр жылдарда биікке көтерген тума таланттар еді. Солар арқылы ұлттық музыка өнеріміз өзіндік бет-бедерін сақтап қалды.

Қазіргі кезеңде күйшілік өнер қанатын кең жая, қазақ деген ұлттың дәстүрлі мәдениетінде самғауда. Бодандық кезеңнен аман – есен өткен домбыра аспабы елімізде айырықша орын алуда. Қазақ Ұлттық Музыка академиясы, Құрманғазы атындағы Ұлтық консерваторияда, еліміз бойынша көптеген колледждерде қаншама болашақ домбырашы мамандар білім алуда. Оған жұмыс істеп жүрген осы оқу орындарының түлектерін қосайық...Әрине, қиынға соққан мәселелер де бар, бірақ өте келе адам түзеліп, адаммен заман да түзеліп бәрі орнына келеді. Тек уақыт қажет.

Жалпы қорыта айтып тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: «Қазақтың ұлттық өнері болған, қазір де бар және болашақта да өз қасиетін жоғалтпай қала береді»

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құнанбайұлы А. Өлендер.- Алматы, 2012.- 200 б.
2. Назарбаев Н. Ұлтымыздың ұлық өнері // Егемен Қазақстан.- 2010.- 26 ақпан.- 2 б.
3. Мейр, Ж. Қ. Қазақ халық күй мұрасының мәдениеттанулық негіздері.- Алматы, 2006.- 35 б.
4. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең.- Алматы: Ғалым, 1999.- 200 б.
5. Жүзбасов Х. Зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 2004 . – 361 б.
6. Жұбанов Қ.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым. -1999.- 214 б.

УДК 7.011.2

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В ГОРОДСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ АТЫРАУ

Альжанова Гаухар Миржановна

aqogim@mail.ru

Студент специальности «Культурология», факультета социальных наук, ЕНУ им.

Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Сандыбаева У.М.

В современном Атырау, прошедшем за время своего существования через царскую власть, народные восстания, советское правительство, великую отечественную войну, не единожды поменявшим название – от Нижнего Яицкого городка к Гурьеву и Атырау, историческая память разнообразно представлена в городском пространстве.